

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы

№4 хаттама

Тақырыбы: «Ата-ана, мектеп, оқушы – сапалы білімнің үш тағаны».

Өткізілген күні: 24.04 – 25.04.2025ж.

Уақыты: 18.30

Қатысқан сыныптар: 1-11 сынып (74 сынып)

Қатысқан ата-аналар саны: 867

Сәуірдің 24-25 жұлдызы аралығында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысын сапалы етіп өткізуге байланысты бірнеше форматтар ұсынылды:

- Шебер сынып
- Коучинг
- Тренинг
- Воркшоп
- Дөңгелек үстел

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. "Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жылдық жоспарына сәйкес атқарылған іс-шараларға сыныптың қатысуы бойынша мәліметтермен бөлісу.
2. III- тоқсанның қорытындысы (оқу мен тәрбие бойынша)
3. Сыныптың білім сапасы (%). Оқу үлгерімі. (үздіктер саны, екпінділер саны)
4. Оқушылардың сабаққа қатысуы
5. Мектеп формасы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелген бұйрығына сәйкес мектеп формасын сақтау туралы
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
7. Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері бойынша толық ақпарат беру.
8. Бала қауіпсіздігі/Өмір қауіпсіздігі

1. **Қаралды:** Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жылдық жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар туралы:

Сынып жетекшісі бағдарламаның аясында өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат беріп, оқушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейін атап өтті.

Әр сынып жетекшісі жоғарыда аталған мәселелер бойынша сынып бөлмелерінде ата-аналарды ақпараттандырды. Жиналысты қызықты және ұтымды өткізу мақсатында әртүрлі форматтар таңдалды.

2. Қаралды: III-тоқсанның қорытындысы (оқу мен тәрбие бойынша):

Оқу үлгерімі мен тәртіп мәселелері талқыланды. Үздік және екпінді оқушылардың аты-жөндері атап өтілді. Үлгерімі төмен оқушылармен атқарылатын қосымша жұмыстар туралы талқыланды.

3. Қаралды: Сыныптың білім сапасы:

Сыныптың білім сапасы мен үлгерімі көрсеткіштері пайыздық үлгіде баяндалды. (мысалы: білім сапасы – 76%, үлгерім – 100%) Пайыздық көрсеткіштердің өзгеру себептері егжей-тегжей айтылды.

4. Қаралды: Оқушылардың сабаққа қатысуы:

Оқушылардың сабаққа кешігуі және қатысуы және олардың саны мен себептері туралы мәлімет берілді. Ата-аналар балаларының қатысуын қадағалауға шақырылды.

5. Қаралды: Мектеп формасы:

Сынып жетекшісі мен әкімшілік мектеп формасына қатысты талаптарды еске салды. 2016 жылғы №26 бұйрық туралы: Қазақстан Республикасы БҒМ бұйрығына сәйкес мектеп формасының бірыңғай үлгісін сақтау міндетті екені түсіндірілді. Мектеп формасының сақталуы оқушылардың әлеуметтік жағдайын ерекшелендірмейтін, сонымен қоса, ұқыптылық пен тазалықтың нышаны екені туралы айтылды.

6. Қаралды: Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңымен реттелетінін, бұл заңның негізгі қағидаттары:

- Барлық азаматтар заң алдында тең.
- Мемлекеттік органдардың қызметі қоғам үшін ашық болуы тиіс екендігін, сыбайлас жемқорлықпен күресу — баршамыздың ортақ міндетіміз екендігін айта отырып, бітіруші сыныптардың ешқандай іс-шараға ақша жиналмауын қадағалауын талап етті.

7. Қаралды: Жазғы сауықтыру лагері туралы: ата-аналарға мектеп жанындағы жазғы лагерьдің мерзімі, бағдарламасы және қатысу тәртібі туралы толық ақпарат берілді. Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері 02.06-15.06.25 аралығында 1-кезең, 16.06.-29.06.25ж. аралығында 2-кезең ұйымдастырылатынын, «БалақайLAND» лагеріне 1-4 сынып оқушылары, профильді «Самғау» лагеріне 5-7, 8-10 сынып оқушылары қатыса алатыны туралы айтып кетті. Сондай-ақ, жазғы лагерь тегін жүретінін, тек ыстық тамақ үшін (бастауыш сынып оқушылары үшін) ақы төленетінін жайлы да айтып өтті.

Биылғы жыл “Мамандықтар” жылы болып жарияланғандықтан, жазғы сауықтыру лагерьлері кәсіптік колледждермен бірлесе жоспар түзу тапсырылғандығын, колледждерге саяхатқа шығу да жоспарда болатыны жайлы айтылды. Сонымен қоса, қала сыртындағы да жазғы сауықтыру ақылы

лагерьлер бойынша да толық ақпараттандыру да сол жиналыс барысында айтылды.


8. Қаралды: Бала қауіпсіздігі/Өмір қауіпсіздігі:

Балалардың мектепте және үйде қауіпсіздігін сақтау, жол ережесі мен интернет қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Баланың амандығы – отбасының да, мектептің де басты мақсаты екендігін, сондықтан балалардың қауіпсіз ортада өсіп-жетілуін қамтамасыз етуіміз керек екендігін туралы айтылды. Сонымен қоса, отбасындағы қауіпсіздік: өткір, химиялық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою туралы, электр құралдарын қауіпсіз қолдануды үйрету жайлы, сыныптан тыс уақыттағы бақылау мен баланың бос уақытын пайдалы өткізуіне (үйірме, спорт, кітап оқу) ықпал ету жайында айтылды.

Қаралған мәселелер бойынша шешімдер:

- Ата-аналар мектеп формасын сақтау қажет екенін мойындады;
- Жазғы лагерьге қатысуға ниетті ата-аналар тізімі құрылды;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсаттарында сыныпта қаражат жиналмайтыны жөнінде қолхатқа қол қойылды;
- Сабаққа қатысуды қадағалау, оқу үлгерімін арттыру, бала қауіпсіздігіне мән беретінін айтты.

Хатшы



ДТЖЖ орынбасары Г.А.Калиева